

Құндақбаева Жанат

тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің профессоры,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: janbekkun@mail.ru, +7 777 341 5064

СТАЛИНИЗМ ДӘУІРІНІҢ ӘЙЕЛ НАРРАТИВТЕРІ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЙЕЛ-БЕЛСЕНДІЛЕРІНІҢ ЕСТЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада әйел-белсенділерінің тарапынан шыққан, Қазақстандағы сталиндік дәуірінің нарративтерінің деректанулық аспектілері қарастырылады. Мақаланың әдіснамалық тәсілдері АҚШ ревизионистерінің жас буын өкілдері мектебінің кеңестік субъективтілік нұсқауларының негізінде анықталды. Әйел-белсенділерінің қоғам арасында большевиктердің идеяларын тарату, әйелдерді социалистік қоғамға тарту жолында айтарлықтай рөлі болғандықтан, олардың субъективтілігін зерттеу, едәуір қызығушылық тудыратын мәселе болып табылады. Бұндай зерттеулер жүргізу үшін, қол астында тиісті мәтіндер болу қажет. Мақалада сонымен қатар, деректер мәліметтерінің кеңсе тілі мен партиялық есеп рухына қарамастан, эвристикалық құндылыққа ие екені баяндалады. Бұл әйелдер қаламымен жазылған, Қазақстандағы ерте кеңестік дәуірдің нарративтер санының шектеулі болуымен айқындалады. Екінші жағынан, егер постмодернистік әдіске сәйкес басты назарды мәтіндердің метафорикалық және экзистенциалды деңгейіне бөліп және әйелді белгілі бір тұлға ретінде қарастырмай, мәтін аясында әрекет жасайтын, автобиографиялық шығарманың кейіпкері ретінде алсақ, бұл әйелдердің жаңа ойын ережесімен қалай танысып, өздерін басқа кейіпке өзгертуі мен өзгелерге түрленуге қалай көмек бергендерін көруге болады.

Түйін сөздер: әйел нарративтері, сталинизм, әйел-белсенділері, партиялық қағида, идеология.

Kundakbayeva Zhanat
Professor of Kazakh National University Al-Farabi,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: janbekkun@mail.ru, tel.: +7 777 341 5064
Stalinist era Women's Narratives: Kazakhstani Activist-Women' Memoirs

Based on the analysis of the concept of «Soviet subjectivity» of the Stalinist period, was mainly elaborated by the younger generation of American historians under the influence of the French Philosopher Michel Foucault to analyze the Stalinist self, the original promise was chosen that in the process of constructing the individual language plays a decisive role and statement that using the language (and its value) people form their perceptions of the world. This article examines the source-study aspects of Stalin era narratives in Kazakhstan, emanating from activists women. Methodological approaches to the article are determined on the basis of younger generation of US revisionist's ideas so called the school of Soviet subjectivity. Since women activists played a significant role in spreading the ideas of the Bolsheviks into society, in involving women in a socialist way of life, studying their subjectivity has of considerable interest. And for implementation this aim it is important to have the appropriate texts. The author argue, that despite the official language used on them, and the style of the party report, these sources have a heuristic value. This is determined by the fact that in general, in Kazakhstan there is a limited number of narratives of the early Soviet era, written by women. On the other hand, if, in accordance with postmodern approaches, scholars would focus on metaphorical and existential levels of texts and treat women not as individuals, but as heroes of autobiographical narrative acting within the text, one can see how these women learned the new rules of the regime, how they underwent a transformation themselves and helped to transform others.

Key words: Women's narratives, Stalinism, activist-women, Party canon, ideology.

Құндақбаева Жанат

доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета
им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, e-mail: janbekkun@mail.ru, тел.: +7 777 341 5064

**Женские нарративы эпохи сталинизма:
воспоминания женщин-активисток в Казахстане**

В данной статье рассматриваются источниковедческие аспекты нарративов сталинской эпохи в Казахстане, исходящие от женщин-активисток. Методологические подходы к статье определены на основе установок школы советской субъективности молодого поколения ревизионистов США. Поскольку женщины-активистки сыграли значительную роль в распространении идей большевиков в обществе, в вовлечении женщин в социалистическое общество, изучение их субъективности представляет значительный интерес. А для этого важно иметь под рукой соответствующие тексты. В статье утверждается, что, несмотря на канцелярский язык и дух партийного отчета, данные источники имеют эвристическую ценность. Это определяется тем, что в целом, в Казахстане существует ограниченное число нарративов ранней советской эпохи, написанных женщинами. С другой стороны, если в соответствии с постмодернистскими подходами главное внимание уделять метафорическим и экзистенциальным уровням текстов и рассматривать женщин не как определенные личности, а как героев автобиографического повествования, действующих в рамках текста, то можно увидеть, как эти женщины учились новым правилам игры, каким образом они подверглись преобразению сами и помогли преобразоваться другим.

Ключевые слова: женские нарративы, сталинизм, женщины-активистки, партийный канон, идеология.

Кіріспе

Қазақстанда сталинизм дәуірінің эго-документтер саны, әсіресе әйелдер тарапынан жазылған мәтіндер шектеулі. Қазіргі күні біздің қолымызда алғашқы әйел-белсенділерінің естеліктері бар. Олардың жарты бөлігі кеңес уақытында жарияланған (Бейсембиева, 1960; Абдулкадилова, 1981; Пахмурный, 1957; Голубятников, 1957; Астапович, 1971). Кейбір жазбалар мұрағат қорларынан табылды. Олардың жалпы ерекшелігі болып, мәтіндердің сипаты күнделік емес, постсталиндік уақытта және тіпті 1970-1980-ші жылдардың өзінде жазылған мемуарлар түрінде болуында еді. Кезеңді еске сақтаудың екі негізгі тәсілі болды: мәңгілікпен кездесуге арнайы арналған естеліктер (Ростовты қалай босаттық, Ленинді көруім) немесе осы оқиғалар мен оларға деген қатынас құрылымын басқарушы – автобиографиялар. Бұл автобиографияның да екі басты түрі сипатталады: көпшілік кеңестік қызметкерлердің жеке іс-парақтарына жазылған биографиялық мәліметтер және ресми үлгі ретінде нұсқау болған, кеңестік әйелдер мен ер адамдарының басылымдарында жарияланған өмірлік әңгімелер (Фицпатрик, 2000:21). Бұл мақалада Қазақстандағы әйелдер қозғалысының белсенді қатысушыларының тарапынан жазылған, әйелдердің эго-документтерінің эвристикалық құндылығын анықтау міндеті қойылды. Оларды талдау үшін постмодернистік әдіс қолданылды,

сәйкесінше автобиографиялар мен естеліктер болған оқиғалардың шынайы бейнесі ретінде емес, керісінше мәтінде сол оқиғалар қандай сипатта жазылғаны қарастырылады. Аталған мәтіндердің авторлары белгілі бір тұлғалар ретінде емес, мәтін аясында әрекет жасайтын, автобиографиялық шығарманың кейіпкері ретінде қаралды. Өзге негіздеме ретінде, Мишель Фуко ықпалы арқасында американдық тарихшылардың жас буын өкілдерінің құраған, сталиндік кезеңнің кеңестік субъективтілік тұжырымдамасы, жеке тұлғаның қалыптасу мәселесіне арналып және оның негізгі негіздемесі болып, тұлғаның құрылымдық қалыптасуы жүйесіндегі айқындаушы рөлді тіл атқаратыны, сонымен бірге тілді (және оның мәнін) қолдану барысында адамдар өзінің әлемді қабылдауын қалыптастыратынын түсіндірді.

Құрылымы бойынша бір үлгідегі және стилистикасы жағынан ұқсас жарияланған әйелдер естеліктері

Әйел-белсенділерінің жарияланған естеліктері партия тарихы институтының қатаң шеңбер аясымен белгіленіп, нәтижесінде кеңестік басылымдармен ықшамдалып шектелді. Сонымен бірге, барлық мәтіндерде автоцензура біршама сезіледі. Әрине, автордың қатынасу ізін табу қиындық туғызады, себебі олар құрылым жағынан да, тілдік құрылыс бойынша да белгілі бір үлгіге сәйкес жазылғандай көрінеді.

Естеліктерді жазушы әйелдер, өздерінің қызмет түріне байланысты үгіт-насихаттаушылар болды. Олар қызмет барысында, тұрақты түрде болатын митингтер, жиындар, съездер, конференция мен мәжілістерге қатысатын еді. Арнайы өзіндік тілді қолданып, бұл тілді бұқара халық арасында кеңінен таратуға тырысты. Олар коммунистік партиядан шығатын әр құжатты, партиялық болып, үгіт-насихаттық қызмет атқарып, көпшілік санасына тәрбиелік және ағартушылық ықпал жасау керек екеніне үйреніп қалды. Бұл тіл олардың айнымас бір бөлігі болды.

Ең қызықтысы, кейінгі уақыттың естеліктерінде олардың сөздік қоры да, сөйлеу стилистикасы да (революциялық ұрандар мен кеңсешілдік аясында) өзгеріссіз қалды. Соған қарамастан, аталған деректер белгіленген әйелдер тобының, Қазақстандағы әйелдер қозғалысының белсенділерінің, кеңестік субъективтілігінің қалыптасу үрдісін көруге мүмкіндік береді. Көпшілігі қолтаңба болып табылатын, жарияланбаған естеліктерде, ақырында жарияланған естеліктердің бастапқы нұсқасын көру қызықты. Қолжазбаның алғашқы түрі, түзеулер редакциялық түзетулермен салыстыруда, пайдалы болып табылады. Мысалы, Қазақстандағы әйелдер қозғалысының көрнекті қайраткері Алма Оразбаеваның естеліктер топтамасы, бірінші кезде «истпарт» белгілеген шеңберіне тәуелді болып көрінеді. «Истпарт» Коммунистік партия мен Октябрь революциясы тарихы жөніндегі мәліметтер мен зерттеулерді жинастырып, зерделеумен айналысты. Истпарт негізгі ғылыми орталық болғандықтан, партия тарихы мен Октябрь революциясының тарихымен байланысты зерттеулік, идеологиялық және ұйымдастырушылық мәселелерді шешіп отырды. Сара Есованың Алма Оразбаева жөніндегі естеліктер қатаң түрдегі партиялық қағида сипатында, аса мәнерсіз тілмен жазылған: «бұрынғы ауылдық мұғалім», «кеңестік биліктің алғашқы күнінен бастап – белсенді қоғамшыл», «шығыстағы әйел қозғалысының пионері», «партияға 21 жасында кірді», «әскердегі саяси-жұмысшы», «үгітші және насихаттаушы», «сезімтал жолдас». Сөздер тізбегі қысқа – «жан-жақты білім алған», «принципшіл», «таптық дұшпандармен, буржуазиялық ұлтшылдармен ымыраға келмейтін, өзіне және өзгелерге де қатал», «нағыз большевик-лениншіл, қоғамдық және мемлекеттік мүдде әрдайым бірінші орында тұратын», «өзін толықтай партияға беретін». «Мемлекетпен бірге өсіп, есейіп, болаттай шыныққан, революцияның

жас қайраткерлері тобына тиесілі». Бірақ адамдық бейне Алманың музыкалық дарыны жөнінде сипаттамасында көріне бастайды. Сара Есованың жазуы бойынша, Затаевич Алманың дарынын ерекше бағалаған және «оның орындауында әсемдігі бойынша таңғажайып тоғыз қазақ өлеңдерін жазды: «Жайнақ», «Зейнешім», «Гиндаш» (Есова, 1960: 387).

Тіпті сыртқы келбеті де сол уақыттың сұлулық қағидалары негізінде суреттелген: «барлық жағынан қарапайым». «Сұр бөрік, шұғадан тігілген көкшіл сұр, жартылай-ерекше келген пальто, өкшесі бар кішкентай етік, сұр жүннен жасалған көйлек, қысқаша жылтыраған қара шаш, нәзік және сонымен бірге жігерлі» (Есова, 1960: 388). М. Бегалиева да Алма жөнінде дәл осы жинаққа жазған болатын. Бірақ сипаттау тілі бірашама басқа: «бала кезінен елгезек, жұмсақ, әділетті». Олар бір мектепте оқыған, М.Бегалиева Алманың қалалық қыз болғанын және «ең оқымысты және жетілген болғанын, жағымды дауысқа ие, орыс тілінен әрдайым бестер болатын, әсіресе шығармаларды жақсы жазатын» деп ерекше атап өтеді (Бегалиева, 1960: 392). Алайда ол да партиялық қағидат сипаттамасынан кейін кетпейді, себебі өз естеліктерін: «Қайырымды, қамқор жолдас, тартымды адам, қайтпас үгітші, соңына дейін партияға және халыққа берілген» деген сөздермен аяқтайды (Бегалиева, 1960: 394).

М. Бегалиева нарративті қағидатқа сәйкестендіре құрады – «революция ісі үшін жалынды күрескердің қалыптасуы қалай болды». Оның сөзінше, Алма Ақпан революциясын бастаушы сыныбының мұғалімі ретінде қарсы алды және осы уақыттың өзінен бастап, «қазақ әйелдерінің арасында тәрбиелік жұмысын» бастап кетті. Алма әйелдерді жиналыстарға, митингтерге тартуға тырысты, үйлеріне барып, олармен сөйлесті, білім алу керектігін түсіндірді» (Бегалиева, 1960: 392). М.Бегалиева Алманың большевиктік идеяларын Уақытша үкімет кезінен бастап насихаттай бастағанын ерекше атап өтеді. Ол барлығына, «Уақытша үкімет шындығында да уақытша және біздікі емес, Ленин жеңіске жеткен кезде, сол кезде нағыз жұмысшылар мен шаруалардың үкіметі орнайды» деп түсіндірді (Бегалиева, 1960: 393).

Алма М. Бегалиеваның сөздері бойынша, Қызыл әскердің қатарына өтіп, сонымен қатар жауынгерлер арасындағы сауатсыздықты жоюға тырысты. М. Ниязова Алма жөніндегі келесі естеліктердің авторы, бұл шақты толығырақ жазып көрсетеді: «Алма Бірінші қазақ кавалерия

полкінде үгітші болып жұмыс жасады, қызыл жігіттері арасында түсіндірме жұмыстар жүргізді, сонымен бірге ауруханалар мен емханаларда дәрігерлер мен аурулар арасында мәдени-көпшілік жұмыстар өткізіп жүрді... Қызметкерлер мен емделушілер арасындағы әңгімелерді ақ халат пен ақ орамал киіп отырып жүргізетін» (Ниязова, 1960: 397).

Алманың ақырғы болашақ қызмет түрін Мәскеудегі үгітшілер курсы анықтады, ол жерге 1919 жылдың маусым айында жіберілді. М.Бегалиева жазуы бойынша, «сол жақтан Алма маған Владимир Ильичтың, мәскеулік жұмысшы-әйелдердің жиналысындағы сөздерін қатты толқумен тыңдағанын жазды» (Бегалиева, 1960: 394). М. Бегалиева Алманың белсенді-әйелдер арасындағы орнын нақты айқындап берді – «бірінші әйел-коммунист». Ол, 1920 жылы Ордада Кеңестердің Губерндік съезінде баяндаманы жасаған «қазақ әйелі, біздің құрбымыз» деп мақтан етті (Бегалиева, 1960: 394).

«Съезді Алма ашты, кіріспе сөзін айтып, Кеңестердің нығаюы жөнінде баяндама жасады. Баяндама тыңғылықты болып, барлық сұрақтарды қамтыды. Ол қазақ тілінде де, орыс тілінде де жақсы сөйледі» (Ниязова, 1960: 397).

М. Бегалиеваның естеліктері М. Ниязованың естеліктерімен іс жүзінде бірдей. Олар Алманың 1921 жылы Ордадағы губерндік конференцияға дайындығы және оның өткізілуі жөніндегі қызметін бірдей еске алады. Алма «Что дала советская власть женщине?» – «Кеңес билігі әйелге не берді?» атты баяндама жасайды. Конференциядан кейін делегат әйелдер өздері ұйымдастырған көркемөнерпаздық кеш жасады – өлең айтты, ұлттық ойындар ойналды, Дина Нұрпейсованың орындауында домбыраның ойынын, Алманың орындауындағы өлеңдер тыңдады (Бегалиева, 1960: 394; Ниязова, 1960: 397).

Алманың әйелдердің эмансипациясы жөніндегі партияның идеяларын жүзеге асыруда қандай үлес қосқанын, серіктестері партиялық қағидаттың сипаттамасы бойынша жазады: Қазақ обком партиясының әйелдер бөлімінің (женотдел) меңгерушісі қызметінде бола отырып, жергілікті партиялық комитеттері қарамағындағы әйелдер мәселесімен айналасатын бөлімдерді ұйымдастыруға көмегін берді. Алма 1920 жылдың 28 желтоқсан күні қабылданған қалың мал мен көп әйелділікті жою туралы заңның авторы болды.

Осылайша, 1960 жылы истпарт жинақтанған және жариялаған жинаққа, Алма жөнінде төрт естеліктер енді: Сара Есова, М. Ниязова,

М.Бегалиева және К.Князеваның естеліктері. Олардың айтарлықтай бір-бірінен айырмашылықтары жоқ, стилистикасы мен тілі, сонымен бірге нарративтік құрылымы да ұқсас болып келеді. Барлық естеліктерде партия қағидатының сипаттамасы және нарративті құрылымы «Қазақстандағы социализм құрылысының жалынды күрескерінің өмірі мен қызметі» қатаң түрде сақталған.

С. Есованың ҚР ПМ-ғы жарияланбаған анықтамасы

ҚР Президенттік Мұрағатында «Оразбаева Алманың революциялық қызметі» жөнінде екі анықтама табылды, олар 1957 жылы истпарт сұранысы бойынша, С. Есова мен М. Бегалиева тарапынан жазылды.

Анықтамалардың не үшін және не себепті жазылғаны жөнінде, біз, А.И. Назарованың 1988 жылғы естеліктерінен білеміз. Оның жазуы бойынша: «1958 жылдың желтоқсан айында истпарт және ҚССР мемлекеттік мұрағаты әйелдерді азат етуге арналған, қазақ-коммунист әйелдері және Обком партиясының әйелдер бөлімінің, кейін Қазақстанның Орталық комитет компартиясы меңгерушісі болған Алма Оразбаеваға арналған теоретикалық конференция өткізді. Теоретикалық конференция Алма-Ата қаласының Коммунистік даңғылында орналасқан, жаңа саяси ағарту үйінің үлкен залында өтті. Халық өте көп жиналды. Біз, Алма Оразбаеваның серіктестері президиумға шақыртылды, біздің арамыздан көптеген әйелдер сөз сөйледі, өйткені ҚССР-гі әйел комитеттерінің барлық жұмысы алғашқы жылдары Алма Оразбаеваның тікелей басқаруымен орындалды. Біздің арамызда президиумда болған: Бегалиева Мадина 1920 жылдан бастап КОКП мүшесі. Ол Балхаш зауытында металлург болып жұмыс жасады, зауыт толық салынып біткен соң, алғашқылардың бірі болып мысты қорытқан еді. Ниязова Мобина – 1926 жылдан бастап КОКП мүшесі, Ворожеева Анна Ивановна – 1921 жылдан бастап КОКП мүшесі, Бисенова Мариям – 1926 ж. бастап партия мүшесі, Саналиева Нуржамал – 1928 жылдан бастап мүше, Абдукалыкова – 1929 жылдан бастап мүше, Нурумова Казина – 1927 жылдан бастап партия мүшесі, әрі ОАК президиумының бұрынғы мүшесі және т.б. Конференцияны басқарған Партия тарихы институтының директоры, ғылым докторы Бисенов және Мемлекеттік мұрағат директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі

орынбасары Федоров Николай Николаевич. Барлық суреттер сақталған (2118-қ. 1-т. 14-іс. 8-9 п.).

Мына сөздерден: «теоретикалық конференцияны басқарған, партия тарихы институтының директоры, ғылым докторы Бисенов және Мемлекеттік мұрағат директорының ғылым жөніндегі орынбасары Федоров Николай Николаевич» (Ф.2118. Оп.1. Д.14. Л.9.) С. Есова мен М. Бегалиева анықтамаларының мән-жайы түсінікті бола бастайды.

Біздің алдымызда екі анықтама. Біріншісі С. Есовамен 1957 жылы 23 наурызда жазылған (841-қ. 7-80-т. 71-іс. 1-2 п.). С. Есованың анықтамасы сол уақыттың риторикасы аясында және КОКП мүшелерінің автобиографиясына ұқсас жазылған. Көрнекті қоғам қайраткері, қазақ-коммунист әйелдерінің алғашқыларының бірі, Октябрь социалистік революциясының арқасында өскен, жұмысшы отбасынан шығып, ауылдық мұғалімнен мемлекеттік қызметкерге, Халықаралық коммунистік қозғалыстың қайраткеріне жетті. Алманың шығу тегі жөнінде Сара, сәйкес стилистикамен салқын баяндайды – «пеш салушы-жұмысшы отбасында дүниеге келген». Өмірінің соңы жөнінде де сол стильде хабарлайды: «1928 жылы Коммунистік Интернационал карауындағы Халықаралық хатшылар алқасының тапсырмасы бойынша Моңғолияда жұмыс жасады. 1929-1942 жылдары ауыр сырқатының салдарынан Алма Оразбаева жұмысын қалдыруға мәжбүр болды. Қазақ республикасының үкіметі шешімімен арнайы зейнетақы тағайындалды. Алма Оразбаева 1943 жылдың күзінде қайтыс болды» (841-қ. 7-80-т. 71-іс. 1-2 п.).

«Қағидаға сәйкес келмейтін» М. Бегалиеваның анықтамасы

М. Бегалиевамен жазылған екінші анықтама, біршама «қағидаға» сәйкес келмеді (841-қ. 7-80-т. 71-іс. 3-5 п.). Бегалиеваның анықтамасы сәл жұмсартылған. Онда бала кезінен білетін, дос болған Алмаға деген оның жеке қатынасы сезіледі. Аталған анықтамада уайым мен ортақтасу да сезіледі. М. Бегалиева Қазақстандағы әйелдер қозғалысының көрнекті өкілінің өмірі мен биографиясын, сол уақыттың мәнмәтінінде көрсетеді. Анықтамада баға беру пікірі де қамтылған. Алманың балалық шағын ол «қуанышсыз» деп атайды: «Алманы 1907 жылдан бастап білемін...оның ата-анасы күндік жұмыстағы пеш салушы-жұмысшылар болды... әкесі мен Алманың үлкен ағасы жұмыс жасайтын, анасы үй шаруасымен айналысатын. Алманың

тағы да екі әпкесі болды: үлкені Ханифа бұл уақытта мектеп бітіріп, мұғалімге тұрмысқа шығып, қырда тұрды, ал кішісі Мадина аталған мектепте оқып жатты. Екі қыз да мектептің интернатында тұрды. Әкесі мен ағасы, сол уақытта қазақтар арасында ішімдік аз болғанына қарамастан ішетін болған (ол кезде арақты тек шенеуніктер ішетін болған). Сондықтан да Алманың балалық шағы қуанышсыз өтіп жатты» (841-қ. 7-80-т. 71-іс. 3 п.).

Сонымен қатар М. Бегалиева Алманың материалдық жағдайынан қысылғандығы жөнінде де жазды: «барып-қайту жолының ақшасы (интернатта оқып жүрген Симбирск қ. Орда қ. дейін. – ескертпе – автор) Алмаға үлкен қиыншылық туғызатын, себебі ол үшін ақша қиын табылатын» (841-қ. 7-80-т. 71-іс. 3 п.).

М. Бегалиеваның анықтамасы мәтіннің нарративті құрылымы, Бегалиеваның екіжақты жағдай арасында сенделуін көрсетеді: анықтаманың партиялық қағидатын сақтау және сонымен қатар оның қайғылы өмірінің шынайы көрінісін көрсету. Алдымен Бегалиева анықтаманы партиялық қағидаттың рухында аяқтағандай болады: «1925 жылдың соңында Иван Каширинге тұрмысқа шығып, Мәскеуге оқуға кетеді. 1926 жылы қайтадан Қазақстанға келіп, Халық Ағарту Комисариатында, Қазақ саяси-ағарту комитетінің басқарушысы болып жұмыс жасады, ал Каширин Иван – Қазақ саяси басқару әкімшілігінің басшысы болды. 1928 жылдың басында Каширинді Саратов қаласына ауыстырады, ал Алма Саратовтың Губкомының әйелдер бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс жасайды. 1928 жылдың соңында немесе 1929 жылдың бас кезінде, Алма Моңғолияға ОК тапсырмасымен жасырын түрде жұмыс жасауға жіберіледі. 1929 жылдың аяғында психологиялық жазылмас дертке ұшырайды, оған арнайы зейнетақы тағайындалады және ол 1943 жылы қиын жағдайда қайтыс болады» (841-қ. 7-80-т. 71-іс. 4 п.).

Анықтаманың қорытынды бөлімінде жалпылауға тырысқандай болады: «Ол бірнеше рет Ленинмен кездесті. Әсіресе оның есінде қалғаны 1919 жылғы Мәскеулік жұмысшы-әйелдердің жиналысындағы кездесу, ол жиында Ленин сөз сөйлеген еді. А. Оразбаева жалынды отансүйгіш және коммунизмнің мінсіз адал жауынгері болды. Ол – қазақ әйелдерінің алғашқысы болып, Қазақстандағы кеңестік билікті орнатудағы алдыңғы қатардағы басқарушысы болды».

Бірақ, кейін бір түсініксіз күш оны ары қарай мойындау сөздерін жазғызады. «Өмірден

толысқан шағында озған Алма жөнінде тағы не айтуға болады?» – деп М. Бегалиева жазады. (841-қ. 7-80-т. 71-іс. 5 п.). «Бастапқыда айтып өткенімдей – оның балалық шағы қуанышсыз өтті. Әкесі мен ағасы ішкіш болды, анасы 1910 жылы жоқшылықта қайтыс болды. Жеке өмірде ол өте кішіпейіл еді, жауапкершілігі мол қызметкер болып жұмыс істеп жүріп, сол уақытта қосымша киімі де болмады – барлығын мұқтаж қыздар мен ұлдарға таратып жіберетін. Ол Оренбургте тұрғанда, үйінің есіктері барлық мұқтаж жандарға ашық еді... Ол тұрмысқа 1925 жылы шықты. Революцияның алғашқы жылдары тұрмысқа шығып, бағынышты болғысы келмеді, өзін толығымен қоғамдық жұмысқа арнағысы келді. Кейін Ордада жолдастар арасында, жақсы ұлының болғанын, сол қалауы жөнінде айтты: Еврейге тұрмысқа шығу – ақылды, бірақ қорқақ; латышқа тұрмысқа шығу – ақылды, бірақ зердесіз...». Сонда Петр Иванович Варламов оған: «пензалық еркекке тұрмысқа шық – керемет ұлың болады» деген. Бұл сөздері Алманың қаншалықты интернационалды болғанын көрсетеді, қазіргі кезде бұл пікірлер ескірген, бірақ сол кездері бізге сәтті әзіл болып көрінетін. Әрине, ол дүниеге ұл әкелді. 1926 жылы ол оны жан-тәнімен сүйетін, мүлдем өзгерді, жалынды жанымен ұлын тәрбиелеуге берілді және біршама қоғамдық жұмыстан алыстап қалды. Ал осы уақытта оған Моңғолия жерінде жасырын жұмыс істеуді ұсынды, ол бас тарта алмады. Жартылай ауру болып қайтты. Алманы Кремльдік ауруханада емдеді, бірақ дәрігерлердің анықтауы бойынша, ата-анасының ішімдік кесірінен болды, және ол енді емделмейді, мәңгі дәл осы қалпында қалады деп тұжырымдады» (841-қ. 7-80-т. 71-іс. 5 п.).

Анықтаманың дәл осы бөлімінде, сөздер оның тура жүрегінен ағын судай төгілді. Осы жерде оған деген махаббат та, масаттану да, Алманың қайғылы өмірі жайында күйінішті ойлары да сезіледі. Берілген анықтаманың бұл бөлігі өте құнды болып табылады, себебі өзін толықтай партия қызметіне арнаған, және де сол мезетте өзін әйел, әрі ана ретінде жүзеге асыруын қалаған әйелдің қиын өмірін көруге болады.

Өзге архив құжатынан біз, Қазақстан ОК Компартиясының қарауындағы Партия тарихы институтының қызметкері, П.М. Пахмурныйдың Алма Оразбаева жөнінде Д.П. Дорофееваны да анықтама беруін сұрағанын көріп отырмыз. Бірақ Дорофееваның Пахмурныйге берген автограф-хатында, оның Институттың «Алма Оразбаеваның есімін 60-жылдығында атап өту

керектігі» идеясын қоштайтыны көрсетіледі. Өзінің хатында, ол Алманың неліктен арнайы конференцияда атап өтілуі құрметіне лайық екенін түсіндіреді: Алма – бірінші коммунист-әйел, «бірінші қазақ үкіметінің мүшесі болып таңдалған алғашқы қазақ әйелі. Қиын өмір кешкен, кедейліктен, еріксіз қазақ қызынан Компартия қатарына енді, Алма барлық күш-жігерін қазақ әйелін азат етуіне арнады» (811-қ. 6-811-т. 171-іс. 5 п. айн.).

Д.П. Дорофееваның жазуы бойынша, Алмамен 1923 жылы танысқан. Ол оны «кішкентай, арық, нәзік әйел, бірақ үлкен жігер мен табанды мінезді әйел» ретінде сипаттайды. Ауылдарда Алманың аты аса құрметпен аталатын, байлар мен молдалар оны қарғап, жамандайтын болған. Алма өте сезімтал жолдас болды, әр уақытта көмегін аямайтын, қайғыны жеңілдетіп, жігерлендіретін...өзінің жеке өмірін Қазақстандағы партизандық жасақтарының белгілі командирі Иван Каширинмен байланыстырды. Мәскеуде оқуда болғанда, қатты ауырып, әлі де жас кейпінде, барлық күш-жігерін толықтай қазақ-әйелдерінің азаттығына арнай алмай, қайтыс болады. Бұдан жан-жақты мәліметті Мадина Кужбановна Бегалиева бере алады» (811-қ. 6-811-т. 171-іс. 6 п. айн.).

Хаттың немесе естеліктің сипатының қалай өзгергенін А.И. Назарованың Алма туралы естеліктерінің соңғы екі бөлімінен бақылауға болады. «Қырғыздардағы (қазақтардағы) қалың малды жою жөніндегі декреті» атты 1963 жылғы тақырыптық естеліктерде А.И. Назарова Алма жөнінде: «Ол уақытта білімі бар қазақ әйелдері саусақтай санарлық еді. Және олардың ішінде ең алғашқысы болып, 1919 жылдан бастап партия мүшесі болған, ұмытылмас коммунист қазақ әйелі Алма Оразбаева еді. Азаматтық соғыстың қатысушысы. Бұл қазақ әйелі, азаматтық соғыс кезіндегі Қызыл әскерде болған, күресшіл-үгітші. Бірнеше рет облыстық және республикалық съездер мен конференциялардың делегаты. КазЦИК-тің мүшесі болып бірнеше рет сайланды. 1922 жылдан 1925 жылға дейін Қазақ Компартиясының әйелдер бөлімін басқарған. Алма Оразбаева – кедей қазақтың қызы, жұмысшы болып жүріп, сауатын ашып, мұғалім болды. Бұл ұзын бойлы, сымбатты әйел, әрқашан абыройлы болды, байсалды, жұмсақ дауыс иесі. Бұл сол әйел, қазақ-қыздарының неке жасы жөніндегі декрет құруда атсалысқан. Ол әйгілі революционер Клара Цеткин, Надежда Константиновна Крупскаялардың құрбысы болды. Алма Оразбаеваның жақын көмекшісі болып, Нағима

Арықова, пеш-салушы жұмысшының қызы еді. Нағима қарапайым жұмысшыдан халық комиссарына дейін үлкен жолды өткен» (2118-қ. 1-т. 12-іс. 6 п.)

Ал бұл басқа хаттың үлгісі – А.И. Назарованың өмірінің соңында жазған Алма жөніндегі естеліктері. Назарова 1988 жылы Алма Оразбаеваны қарапайым, адамдық бейнесін еске алып, тіпті оған деген өзінің қатынасын көрсетеді: «Бұл жерде мен Оразбаева жөнінде айтқым келеді. Жұмысшы қызы әрең дегенде ұлттық мұғалімнің атағын алды. Алма бойы орташа, олар Сара Есова екеуі бірдей болатын. Әдемі ұшқыны бар кара көздер, бір жақ бетінде бала кездегі аурудан қалған тыртығы бар еді. Сырт пішініне қарағанда әдемі болатын. Ақылды – өмірінің қайғылы аяқталуы аянышты. Алма орысша киінгенді ұнататын. Ақ жейделерді жақсы көретін. Есімде бір кездері базардан сатып алғанмын, Қзыл-Ордада дүкендер жоқ еді, оларды ілмексіз әрі түймесіз сататын. Алма менің үйіме келіп, бір жаққа асықты, мен оның үстінде тұрып жейдесін тігіп бердім. Ақырында маған Алма Оразбаевамен бірнеше жылдар бойы жақын жұмыс істеуіме тура келді, және тіпті кейбір уақыт оның қарамағында істедім. 1922 жылдан бастап Оразбаева Обкомның әйелдер бөлімінде қазақ әйелдерін азат ету жұмысы үшін, әйелдер тобын жинай бастады. Бұл топқа мен де қосылдым. Өзінің нық дауысымен мені көндіре бастады... Саған кету керек Аня, сен жұмысшысың, мен өзімнің басымнан теңсіздік езгісін көрдім, сен өжетсің, сен майдангерсің,

бар қазақ-әйелін жарық жолға шығару керек, жұмыс істеп көр, болмаса бір жылға барып көр, ары қарай көре жатарсың... Азаматтық соғыс кезінде алған жарақаттар әлі де ауыратын. Мен бір жылға баруға келістім. Бұл 1923 жылдың көктемі еді, Қазақстанда өмір бойы қалып қалдым, 45 жылға... Соңында біз өмір бойы жұмыс барысында қатынасуымызға тура келді» (2118-қ. 1-т. 14-іс. 4-5 п.)

Қорытынды

Бұл мақалада Қазақстанның әйел-белсенділерінің жарияланған және жарияланбаған естеліктеріне талдау жасалды. Идеологиялық тілдің басымдылығына қарамастан, олардың эвристикалық құндылығы болып, олардың ішінде нақты түрде авторлық «Мен» сезілуі болып табылады. Аталған мәтіндермен жұмыс жасау барысында, әдебиеттану ғылымының және құрылымдық лингвистиканың әдістерінің пайдалануы кезінде, сол уақыттың қоғамындағы билік тілін шығарған, әйел-белсенділерінің субъективтіліктерін талдап, өзінше түсіндіру мүмкіндігі туады. Әйел-белсенділерінің естеліктері – бізді партиялық жұмыстың төменгі буынның күнделікті жұмысымен таныстыратын жақсы дерек болып табылады. Бірақ біздің зерттеудің негізгі пәні бұл емес. Егер кеңсе тілі мен стильді, баяндаманың партиялық рухын алып тастар болсақ, әйелдің жаңа ойын тәртібімен танысуын, өздері өзгеріп, сонымен бірге өзгелерге де өзгеруіне көмек беру үрдісін көруге болады.

Әдебиеттер

Бегалиева М. (1960). Жизненный путь Алмы Уразбаевой. Казахстан в огне гражданской войны. Воспоминания участников Великой Октябрьской Социалистической революции и гражданской войны в Казахстане / под ред. С. Бейсембиева, П. Пахмурного. – Алма-Ата: КазГосИздат. – С. 391-394.

Астапович З.А. (1971). Великий Октябрь и раскрепощение женщин Средней Азии и Казахстана (1917-1936 гг.) // Сб. документов и материалов. – М.: Мысль.

Пахмурный П.М., Елеуов Т.Е. (1957). В огне революции: (Воспоминания участников Великой Октябрьской Социалистической революции и гражданской войны в Казахстане). – Алма-Ата: КазГосИздат.

Есова С. (1960). Поколение Октября. Казахстан в огне гражданской войны. Воспоминания участников Великой Октябрьской Социалистической революции и гражданской войны в Казахстане // под ред. С. Бейсембиева, П. Пахмурного. – Алма-Ата: КазГосИздат. – С. 381-390.

Абдулкадиров М.А., Абилов М.Х. (1981). Женщины Казахстана – активные строители социализма (1918-1945 гг.) // Сб. трудов и материалов. – Алма-Ата: Казахстан.

Ниязова М. (1960). Многогранная деятельность молодой большевички. Казахстан в огне гражданской войны. Воспоминания участников Великой Октябрьской Социалистической революции и гражданской войны в Казахстане // Под ред. С. Бейсембиева, П. Пахмурного. – Алма-Ата: КазГосИздат. – С. 397-398.

ҚР ПМ 841-қ. 7-80-т. 71-іс.

ҚР ПМ 811-қ. 6-811-т. 171-іс.

ҚР ОММ 2118-қ. 1-т. 12-іс.

ҚР ОММ 2118-қ. 1-т. 14-іс.

Голубятников А.С., Елагин А.С. (1957). Победа Великой Октябрьской социалистической революции в Казахстане (1917-1918 гг.) // Сб. документов и материалов. – Алма-Ата: КазГосИздат.

Fitzpatrick S., Slezkine Y. (2000). In the shadow of revolution: Life stories of Russian women from 1917 to the second World War. Princeton, NJ: Princeton University Press.

References

Begalieva M. (1960). Zhiznennyj put' Almy Urazbaevoj [Life path of Alma Orazbayeva]. Kazakhstan v ogne grazhdanskoj vojny. Vospominanija uchastnikov Velikoj Oktjabr'skoj Socialisticheskoj revoljucii i grazhdanskoj vojny v Kazahstane. Pod red. S. Bejsembieva, P. Pahmurnogo. Alma-Ata: KazGosIzdat. S. 391 - 394.

Astapovich Z.A. (1971). Velikij Oktjabr' i raskreposhhenie zhenshhin Srednej Azii i Kazakhstana (1917-1936 gg.) [Great October and the emancipation of women in Central Asia and Kazakhstan (1917-1936)]. Sb. dokumentov i materialov. Moskva: Mysl'.

Pahmurnyj P.M., Eleuov T.E. (1957). V ogne revoljucii: (Vospominanija uchastnikov Velikoj Oktjabr'skoj socialisticheskoj revoljucii i grazhdanskoj vojny v Kazahstane) [In the fire of the revolution: (Memories of the participants of the Great October Socialist Revolution and the Civil War in Kazakhstan)]. Alma-Ata: KazGosIzdat.

Esova S. (1960). Pokolenie Oktjabrja [Generation of October]. Kazakhstan v ogne grazhdanskoj vojny. Vospominanija uchastnikov Velikoj Oktjabr'skoj Socialisticheskoj revoljucii i grazhdanskoj vojny v Kazahstane. Pod red. S. Bejsembieva, P. Pahmurnogo. Alma-Ata: KazGosIzdat. S.381 - 390.

Abdulkadirov M.A., Abilov M.H. (1981). Zhenshhiny Kazakhstana - aktivnye stroiteli socializma (1918-1945 gg.) [Women of Kazakhstan - active builders of socialism (1918-1945)]. Sb. trudov i materialov. Alma-Ata: Kazakhstan.

Nijazova M. (1960). Mnogogrannaja dejatel'nost' molodoj bol'shevicki [The multifaceted activity of the young Bolshevik woman]. Kazakhstan v ogne grazhdanskoj vojny. Vospominanija uchastnikov Velikoj Oktjabr'skoj Socialisticheskoj revoljucii i grazhdanskoj vojny v Kazahstane. Pod red. S. Bejsembieva, P. Pahmurnogo. Alma-Ata: KazGosIzdat. S. 397 - 398.

KR PM 841-k. 7-80-t. 71-is.

KR PM 811-k. 6-811-t. 171-is.

KR OMM 2118-k. 1-t. 12-is.

KR OMM 2118-k. 1-t. 14-is.

Golubjatnikov A.S., Elagin A.S. (1957). Победа Великой Октябрьской социалистической революции в Казахстане (1917-1918 гг.) [The victory of the Great October Socialist Revolution in Kazakhstan (1917-1918)]. Sb. dokumentov i materialov. Alma-Ata: KazGosIzdat.

Fitzpatrick S., Slezkine Y. (2000). In the shadow of revolution: Life stories of Russian women from 1917 to the second World War. Princeton, NJ: Princeton University Press.